

Тулепова Гульмира Кайырбековнаның 6D120100 – «Ветеринариялық медицина» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынған «Ірі қара малы бруцеллезіне диагностикалық препарат үшін нано - платформа дайындау» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысына реєсми рецензенттің жазбаша

## ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);  2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)  3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>6D120100 – «Ветеринариялық медицина» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға үшін Тулепова Гульмира Кайырбековна орындаған диссертациялық жұмысы ғылымды дамытудың басым бағыттарына сәйкес келеді.</p> <p>Зерттеулер 2018-2020 жж. аралығында ҚР БФМ 217 «Ғылымды дамыту» бюджеттік бағдарламасы, ғылыми жоба шенберінде: «Ірі қара бруцеллезінен ҚР аумағын сауықтыру үшін ViroN-Brucella диагностикалық жиынтығын әзірлеу» тақырыбы бойынша орындалды. Мемлекеттік тіркеу № AP05135949.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/ қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Докторанттың орындаған ғылыми жұмысы ветеринария ғылымының дамуына үлес қосады. Алғаш рет арнайы әдіс негізінде бруцеллездің

			барлық үш вакциналық штаммдарының (Rb19, Rb51, Rb82) беткейлік антигендеріне қарсы антиденелерді анықтау арқылы жылдам және анық дәл балау қоюды қамтамасыз ететін нано-платформа жасалды.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <b>жоғары;</b> 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Докторанттың диссертациялық жұмысты өзі жазу деңгейі жоғары. Алдына қойылған міндеттерді толықтай орындаپ, нақты нәтижелерін көрсете білген.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemесі: 1) <b>негізделген;</b> 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	ҚР аумағында тіркелген диагностикалық жиынтықтар бруцеллезben ауыратын ауруларды вакцинацияланған жануарлардан ажырата алмайды және жоғары ерекшелігі мен сезімталдығына ие емес. Нәтижесінде, ауруды ерте балау оның одан әрі таралуын болдырмау мақсатында ветеринария ғылымында әлемдік ғылыми-техникалық прогрессінің жетістіктерін пайдаланып, вирус тәрізді бөлшектер платформасы негізінде бруцеллезге қарсы сенімді және сезімтал диагностикалық жиынтық құру мәселелері (VLP) өзекті болып қала береді.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) <b>айқындайды;</b> 2) жартылай айқындайды; 3) айқындаамайды	Диссертациялық жұмыстың мазмұны оның тақырыбын айқындайды.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Ғылыми зерттеудің негізгі мақсаты ірі қара бруцеллезіне қарсы диагностикалық жиынтық

	<p>1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p> <p><b>4.4.</b> Диссертацияның барлық бөлімдері мен күрылсы логикалық байланысқан:</p> <p>1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p>	<p>әзірлеу үшін бруцеллездік антигендерді өсімдіктерде дамытып платформа жасау. Осы мақсатқа жету үшін анықталған міндеттер, диссертация тақырыбына толығымен сәйкес келеді.</p>
	<p><b>4.5</b> Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың «Кіріспе», «Әдебиеттерге шолу», «Өзіндік зерттеулер», «Зерттеу нәтижелерін бағалау және талдау», «Қорытынды», «Ұсыныстар» тараулары және оның бөлімдері бір-бірімен ұштасып, бір логикалық жүйеге жинақталып, өзара толық байланысқан және ғылыми еңбектің міндеттерін шешіп, мақсатына жетуге бағытталған.</p>
5.	<p>Ғылыми жаңашылдық принципі</p> <p><b>5.1</b> Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып</p>	<p>Вирус тәрізді бөлшектерді (VLP) пайдаланып, ағымдағы диагностикалық жинақтарда жетіспейтін сезімталдық пен спецификалық қасиеттерге ие вирусқа қабілетті бөлшектерді (ВКБ-VLP) дайындау жаңа шешім болып есептелінеді. Бұл жиынтық бруцеллезben ауру жануарларды вакцинделген жануарлардан ажыратып балауға мүмкіндік береді. Ізденуші өзінің жұмыстарының нәтижелерін басқа зерттеушілердің жұмыстарында жарияланған деректерді салыстыра отырып сынни баға берген.</p> <p>Диссертацияның нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа. Диссертация жұмысын орындау барысында «Ауыл шаруашылығы жануарларының бруцеллезін диагностикалау және алдын алу үшін</p>

	<p><u>табылады);</u></p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p> <p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <b>толығымен жаңа;</b></p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p> <p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <b>толығымен жаңа;</b></p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>бруцеллез антигенін алу тәсіліне №35533. патент алынған.</p> <p>Диссертациялық жұмыс бойынша алынған нәтижелер қорытындылары толығымен жаңа болып табылады.</p>
6.	<p>Негізгі қорытындылардың негізділігі</p> <p>Барлық қорытындылар ғылыми түрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <b>негізделген/негізделмеген</b> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Бруцеллез әлемдегі ең көп таралған зооноздардың бірі ретінде мал шаруашылығына айтарлықтай экономикалық зиян келтіреді және үлкен әлеуметтік маңызы бар инфекция. Диссертацияны орындау барысында қабылданған технологиялық шешімдер толығымен жаңа және зерттеулер нәтижелерімен негізделген.</p>
7.	<p>Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар</p> <p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <b>дәлелденді;</b></p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың негізгі қорытындылары нәтижелерімен, дәлелдемелермен ғылыми түрғыда негізделген. Ғылыми-әдістемелік деңгейі жоғары.</p> <p>7.1 Ізденушінің диссертациялық жұмысының қағидаттары тиісті зерттеу нәтижелерімен дәлелденген, оны жарияланған жұмыстарынан көруге болады.</p>

		<p>3) шамамен дәлелденбеді;          4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p><b>2) жоқ</b></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <b>ия;</b></p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p><b>3) кең</b></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <b>ия;</b></p> <p>2) жоқ</p>	<p>7.2 Диссертациялық жұмыста тривиальдік элементтері жоқ.</p> <p>7.3 Негізгі қорғалатын қағидалар жаңа болып табылады.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кең:</p> <p>7.5 Қорғауға ұсынылған негізгі қағидалар жарияланған мақалаларда дәлелденген.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) <b>ия;</b></p> <p>2) жоқ</p>	Ия. Методикалық түрғыдан қарағанда алға қойылған мақсатқа жету үшін ізденуші әдістемелерді дұрыс таңдап алған және әрбір әдіске тиісті сілтемелер келтірілген. Демек, ғылыми нәтижелердің сенімділік дәрежесі сенімді деңгейде.
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндөу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) <b>ия;</b></p>	Ия. Диссертациялық жұмыс компьютерлік технологияларды қолдана отырып, 13 кесте, 45 суретпен безендірілген. Деректер мен сандық мәліметтер қазіргі заманғы әдістерін пайдалана отырып өндөлген.

		2) жоқ	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	Ия. Диссертацияның қорытындылары өзара байланысқан және олар диагностикалық тәжірибелік зерттеулермен негізделген және дәлелденген.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <b>расталған</b> / ішінара расталған / расталмаған	Диссертациялық жұмыстағы берілген маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді, олар отандық, алыс және жақын шет елдік ғалымдардың ғылыми жұмыстарына сілтемелер жасау арқылы расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <b>жеткілікті</b> /жеткіліксіз	Ізденуші диссертациялық жұмысында 147 ғылыми еңбектерді қолданған. Пайдаланған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Ия. Диссертациялық жұмыстың мазмұнында теориялық маңызы бар.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Ия. Ізденуші жургізген зерттеулер нәтижелері ауқымды, жұмыстың практикалық маңызы бар.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?	Диссертанттың құрастырыған практикалық ұсыныстары толығымен жаңа болып табылады.

		<p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>	<p>Ізденушінің академиялық жазу сапасы - жоғары. Ғылыми зерттеу жұмыстары нәтижелерін баяндау диссертацияны рәсімдеулің жалпы талаптарға сай келеді.</p>
11	Диссертацияға ескертулер		<p>Диссертация мәтінінде кейбір сәтсіз құрылған сөйлемдер мен сөз тіркестері, орфографикалық, грамматикалық қателер (16,29,41,69-беттер) және қазақшаға дұрыс аударылмаған терминдер кездеседі, мысалы: қысқартылған сөздер бөлімінде (5-бет) «Ашық оқу шенбері» сөзі -(OPC) деп қысқартылған, дұрысы - (АОШ) болса керек; «Плазмидтер – геномдық хромосомадан фикалық түрғыдан бөлек...» -(10-бет) ; «құрамында балық пен дрожжесалар гидролизаттары бар ( 17-бет) – дұрысы ашытқы гидролизаттары ; «...өрескел (R) штаммдар... ( 25-бет) – дұрысы бұдыр штаммдар; «...сезімталдығы 96-ден 100%-ге дейін, ал ерекшелігі - 93,8-ден 100%-ге дейін....» (25-бет), «..әдістер мен құралдардың сезімталдығы мен арнаиылығына (18-бет), «...арнаиылығы өте жоғары болғандықтан...»(19-бет) - бұл жерлердегі ерекше лігі және арнаиылығына деген сөздердің (специфичность), дұрысы «телімділік» болуы керек; «Brucella биологиялық қауіпсіздіктің 3-ши</p>

			<p>денгейіндегі организм ретінде жіктелетіндіктен ..(19-бет) - Brucella биологиялық қауіпсіздіктің 3-ші емес, 2-ші тобына жатады.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың жазылуы мен безендірілуіндегі бұл көрсетілген кейбір, негізінен техникалық кемшіліктер оңай түзетілетін болғандықтан, олар орындалған жұмыстың жалпы құндылығын төмендетпейді.</p>
12	Докторант мақа лаларының зерт теу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (дис сертация мақа лалар сериясыны ысанында қор ғалған жағдайда ресми рецензен ттер докторант тың зерттеу тақ ырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейн зерделейді)		<p>Докторанттың ғылыми мақалаларының тақырыбы, ғылыми деңгейі, мазмұны, құрылымы мен сапасы талаптарға тиісті сай келеді. Барлығы 8 ғылыми жұмыс жарияланды, оның ішінде 3 мақала ҚР ФжБМ БФБК ұсынған басылымдарда, 3 мақала халықаралық конференциялар материалдарында және 1 мақала Scopus компанияларының мәліметтер базасына кіретін журналда, 1 өнертабысқа патент алынды. Ғылыми мақалалардың деңгейі жоғары және оларда автор өзіндік көзқарасын көрсете білген.</p>
13	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің		<p>Тулепова Гульмира Кайырбековнаның «Ірі қара малы бруцеллезіне диагностикалық препарат үшін нано - платформа дайындау» тақырыбындағы дис сертациялық жұмысы ҚР ФжБМ Ғылым және</p>

	28-тармағына сәйкес)	жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптарына сәйкес орындалған, толық аяқталған жұмыс және «Дәреже беру» қағидаларының 2-тармағында көрсетілген диссера- циялық талаптарына толық сәйкес келеді және оның авторына 6D120100- «Ветеринариялық медицина» мамандығы бойынша философия докто- ры (PhD) дәрежесін беруге болады деп есептеймін.
--	-------------------------	---

**Ресми рецензент,**

ҚР ДСМ «Қазақ ғылыми-зерттеу ветеринария институты» ЖШС,  
бруцеллез зертханасының бас ғылыми қызметкері,  
ветеринария ғылымдарының докторы, профессор:

Ә.Әбутәліп

Ә.Әбутәліптің қойған қолын растаймын:

«Қаз ФЗВИ» ЖШС бас ғалым хатшысы, в.ғ.к

19.11.2024



Ф.Е.Сембина